



Үй жануарлары

мен экзотикалық жануарлардың иелеріне

Микрочип сіздің жануарыңыздың басқаларға ұқсамайтын даралығын көрсететін, топ ішінен еш жаңылмай танып-білуге мүмкіндік беретін "электронды паспорты" іспеттес. Ит-мысықтарды чиппен белгілеу – бүгінгі күннің талабы деуге болады әрі өте қарапайым ресім. Қазіргі кезде көп адамдар бұрыннан үйретілген үй жануарларымен қатар экзотикалық жануарларды (күзен, тарбаған, үй қояны, тотықұс, басқа да экзотикалық құстар, балықтар, жыландар т.б. үйге үйретілген фауна өкілдері) үйде ұстауды әдетке айналдыруда. Мұндай жануарлар ерекше, әдемі әрі құны да қымбат болатындықтан, жоғалып немесе ауысып кетпес үшін чиппен белгілегеніңіз жөн. Сондай-ақ экзотикалық жануарларды чиппен белгілеу Құрып кетудің алдында тұрған жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы жөніндегі конвенция (*CITES*) ережелерімен реттеледі, оған сәйкес чип нөмірі экзотикалық жануарларды ел сыртына шығару немесе алып кіру, ұстауды тіркеуге рұқсат алу үшін қажет.

Жануарларды электронды сәйкестендіру процесі қол жетімді әрі тиімді болуы үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасап береміз.

Жануарыңызды чиппен белгілеуге ниеттенсеңіз, келесі іс-қимылдарды орындауыңыз қажет:

1. Жануарларды микрочиптеумен айналысатын ең жақын жердегі ветеринарға барыңыз. Оны [Ветеринарды іздеу](#) атты біздің сервисіміздің көмегімен таба аласыз.
2. [Микрочиптерді тіркеу](#) сервисін қолдана отырып, микрочипті біздің деректер қорымызда тіркеңіз.

Егер жақын маңнан ветеринарды таба алмасаңыз, микрочипті біздің [электронды дүкеннен](#) сатып алып, жануарды өзіңіз чиппен белгілеңіз! Біздің сайттағы бөлімдермен таныса отырып, барлық тиісті нұсқауларды ала аласыздар. Қалған сұрақтарға жеке түрде жауап береміз.

Жануарларды сақтандыру, шекарадан өту, ветеринарға бару, жануарларды жоғалтқан немесе тауып алған кезде [Жануардың иесін микрочип арқылы тауып алу](#) сервисін қолдана аласыз. Қазақстан Республикасындағы алғашқы Жануарларды электронды сәйкестендіру деректерінің ұлттық бірыңғай деректер қорындағы ақпарат қашан да онлайн режимінде оңай табылады, сіздің иесі ретіндегі құқықтарыңызды растап, хайуанаттарыңызды ауыстырып жіберуден сақтандыруға мүмкіндік береді.

Біз жеткізетін микрочиптер Еуропа мен АҚШ-тан әкелінеді, ол иттерге де, мысықтарға да, экзотикалық жануарларға да бірдей қолданылады, сонымен қатар балықтар, құстар, жорғалаушылар үшін де үйлеседі, дүние жүзі бойынша ең әмбебап сканерлер болып саналады.

Біздің [электронды дүкенімізде](#) сатылатын микрочиптер біздің [деректер қорымызда](#) ақысыз тіркеулі тұрады.

Егер жануарыңызды жоғалтып алған болсаңыз, дереу бізге хабарласыңыз немесе жоғалғаны жөніндегі ақпаратты [Жоғалған жануарлар](#) бөліміне орналастырыңыз. Біздің жүйеміз бар ақпаратты сканерлермен жабдықталған ветеринарлық клиникаларға және үй-күйсіз жануарларды

аулау станцияларына дереу жөнелтеді. Жануар табылған бойда сізге шұғыл түрде хабар берілетін болады.

Егер сіз жеке үйде тұратын болсаңыз, жануарларыңыз өз бетімен жүретін болса, микрочиппен белгілеу сіз үшін өте пайдалы. Жануарларды тану үшін қолданылатын құрылғылар да өте танымал. Мысалы, үйге тек өз мысығыңызды немесе итіңізді ғана өткізетін сканерлі кішкентай есікті орнатуға болады!

[Өзіңіздің сүйікті хайуанаттарыңызға электронды паспорт сыйлаңыз!](#)



Copyright © 2012-2021
All Rights Reserved
«Animal ID Kazakhstan» LLC